

6. Ким Н.Н., Маклакова Т.Г. Архитектура гражданских и промышленных зданий. - М.: Стройиздат, 1988.
7. Цайдлер, Э. Многофункциональная архитектура / Э. Цайдлер. М. : Стройиздат, 2008. 152 с
8. Архитектурные конструкции / под ред. З.А. Казбек-Казиева. М. : Высшая школа, 2019. 342 с.
9. Маклакова Т.Г. Архитектурно-строительное проектирование зданий. Том 1 Жилые здания. - М.: "Архитектура-С", 2011.
10. Коваленко, Ю.Н. Краткий справочник архитектора / Ю.Н. Коваленко, В.П. Шевченко, И.Д. Михайленко. Киев: Будивэльник, 2005. 703 с.

УДК 72.01

ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Муфтигалиева Алия Адиетовна

Amuftigalieva@mail.ru

7М07320 – «Сәулет» ББ I курс магистранты, «Сәулет» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы
ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші – сәулет кандидаты, доцент Черныш Н.А.

Орал - Қазақстанның еуропалық бөлігінде орналасқан қала. Орал қаласы Батыс Қазақстан облысының солтүстік бөлігінде, Қазақстанның солтүстік-батысында, Жайық өзенінің орта ағысы аумағында және Саратов-Илецк темір жолының оң жағында орналасқан. Батыс Қазақстан облысының әкімшілік орталығы болып табылады. Жақын маңдағы елді мекендерді қоса есептегенде, шамамен 700 шаршы шақырым жер көлемін алып жатыр. Қала халқының жалпы саны – 318731 ада. Қала Жайық және Шаған өзендерінің бойында орналасқан, Каспий ойпатының солтүстік бөлігін алып жатыр. Орал қаласы өзінің географиялық орналасуымен ерекшеленеді. Мұнда Еуропа мен Азияның көрінбейтін шекарасы жатыр.

Орал қаласының тарихы 409 жыл уақытты құрайды, қала орнында бұдан бірнеше мың жыл бұрын скиф, ғұн, авар, печенег және қыпшақ тайпаларының мекен-тұрақтары болған. Одан әрі зерттеп қарайтын болсақ, Неолит заманында да Жайық өзенінің кең даласында адамдар мекендегенін байқаймыз. Бірақ қаланың қалыптасуы әрине, кейінірек басталды, 1584 жылы Ресейдің крепостниктік езгісінен қашқан шаруалар мен казактар Жайық өлкесіне көшіп келіп, қоныстарын сала бастады. 1613 жылы ол қала деген статуска ие болды. Казактар оны Жайық өзеніне байланыстырып, «Жайық қалашығы» деп атады (Орал деп кейін аталды).

XIII ғасырда қазіргі Оралдан 12 шақырым жерде) Жайық Алтын Орда қонысы болған, оның қалдықтары қазба жұмыстары кезінде табылған. Қалашықтың атауы шартты түрде өзеннің қазіргі атауына байланысты берілді. Зерттеулер бұл қаланың XIII-XIV ғасырларда Алтын Орданың құлпырып тұрған кезінде пайда болғанын көрсетті. Қаладан тұрғын үйлер, шаруашылық құрылыстар, кірпіш өндіруге арналған күйдіру пештері және хамам моншасы табылды. Сонымен қатар, қала орнынан 2 ірі кесене табылды. Алтын Орда мен Ноғай ордасының құлауына байланысты қала өзінің маңызын жоғалтты, сауда мен қолөнер өндірісі құлдырай бастады.

Кейінірек, 1613 жылы бұл елді мекен қала мәртебесін алды. Яик қалашығы пайда болды. 1773-1775 жылдары Яик қалашығы Е. Пугачев бастаған халық қозғалысының тірегі болды. Көтерілісті басқаннан кейін Екатерина II патшайымның жарлығымен қала Орал болып өзгертілді.

1846 жылы Орал ірі қалалар қатарына қосылып, үлкен сауда орталығына айналды. Өткен ғасырдың соңы мен осы ғасырдың басында қала облыстың ірі өнеркәсіптік және мәдени орталықтарының бірі болды.

Қала өмірінде көпестер үлкен рөл атқарды. Қалада татарлардың қонысы болған. Татарлар әскерде қызмет етті, көбісі офицер болды, бірақ олар негізінен сауда кәсібімен айналысты. XIX ғасырдың аяғында Оралда 100-ге жуық татарлардың әулетті дворяндары өмір сүрді, ал көпес отбасына жататын 450 адамның ішінде 300-ін татарлар құраған. 1897 жылғы санақ бойынша,

қалада 6129 адам татар тілін өз ана тілі ретінде санаған. Олар Орал халқының үштен бірін құрады. Татарлар Ресей мен қазақтардың көшпелі руларының арасындағы байланыстырушы буын болған.

1894 жылы Оралда Рязань - Орал темір жолы тартылды, бұл өз кезегінде қаланың одан әрі дамуына күш берді. Зауыттар мен фабрикалардың тез құрылуына байланысты Локомотив депосы пайда болды.

Азамат соғысына дейін қалада бір дінге сенушілер, православиелік приходтық және соборлық шіркеулер (қала маңында 4), 4 үй ғибадатханасы, 4 мешіт, бірнеше мінажат ететін үйлер, театр, мұражай, ауруханалар мен кітапханалар, әйелдер мен ерлерге арналған классикалық гимназиялар, училищелер, мұғалімдер семинариясы және көптеген мектептер болды, бірнеше газет басылып шықты.



Сурет 1. Орал қаласының құрылымында тарихи орталықтың орналасуы

Орал қаласы ең алдымен өзінің XVIII-XIX ғасырдағы тарихи ескерткіштерімен ерекшеленеді, мысалы, Е. Пугачев мұражай-үйі, Ескі собор, құтқарушы Иса ғибадатханасы, атаман үйі, Карев үйі (филармония), облыс әкімдігі ғимараты (Ресей империясының бұрынғы сауда-өнеркәсіп банкі), т.б. Петропавловск соборы 1775-1776 жылдары Екатерина II бұйрығымен өртенді. Қазіргі кезде А.С. Пушкин ескерткіші тұрған жерде, өртенген Петропавловск шіркеуінде Е. Пугачев казак қызы Устинья Кузнецовамен некелескен. 2 суретте Е. Пугачевтың қалыңдығының әкесі казак Кузнецовтың үйі, қазір Е. Пугачев мұражай-үйі (оң жақта) және Оралдың барлық әйгілі қонақтары келген Атаманның үйі (сол жақта).



Сурет 2. Е.Пугачевтің мұражай-үйі және Атаманның резиденциясы

XX ғасырдың басына дейін Орал қаласы Орал облысының әкімшілік орталығы, Орал казак әскерінің астанасы болды және Орынбор губерниясының құрамына кірді.

Ұлы Отан соғысы жылдары Сталинград майданының Жоғарғы Кеңесінің 1942 жылғы 16 қазандағы шешімі бойынша Орал қаласы елдің әуе шабуылына қарсы аймағы болды. Қалаға орталық аймақтардан 14 қорғаныс кәсіпорын және 20 госпиталь келіп орналасты, сонымен қатар, мұнда көптеген әскери құрылымдар ұйымдастырылып, соғысқа аттанды.

Орал қаласы – бірнеше мәдениет пен діннің тоғысқан жері. Сондықтан қаланың келбеті өзіндік ерекшелігімен айшықталады. Оралдың басты тарихи ғимараты – Михаил-Архангель шіркеуі (1740 жылдар), қаладағы көне ғимараттардың бірі. Қаладағы көне ғимараттардың қатарына «Алтын шіркеу» (Құтқарушы Иса ғибадатханасы), Е.Пугачевтің мұражай-үйі, Атаман үйі, бұрынғы көпестердің үйлері кіреді.

Орал қаласында Қазан төңкерісі, азаматтық соғысы, Ұлы Отан соғысы батырларына, сонымен қатар қазақтың ұлы ақыны, ойшыл Абай Құнанбайұлына, орыс классигі А.С.Пушкинге, атақты батыр Сырым Датұлына арналған ескерткіштер бар. Қалада бірнеше саябақ аймағы бар (Әскери дача, Хан тоғайы), су катамаран бекеті, үш театр және филармония жұмыс жасайды.

Еліміздің батыс облыс орталығының құндылығы Оралдың ең көне қалалардың бірі болуында. 1913 жылы бұл республиканың қазіргі шекарасындағы ең үлкен және дамыған қала болды. Тарихи тұрғыдан Орал қаласы қазақ даласына еуропалық өркениетті енгізген батыс қақпа болып есептелді. Қазақстандағы алғашқы театр мен мұражай, баспахана мен газет, телеграф пен телефон, теміржол мен автокөлік Оралда пайда болды. Бұл Ресейдің Пушкин, Жуковский, Толстой, Даль, Шолохов секілді және т.б. ұлы жазушылары барған жалғыз қала. Оралға Ресейдің болашақ императорлары Александр Екінші мен Николай Екінші де келді. Орал – Жайық қалашығында Пугачев бастаған қозғалысының ұлы оқиғалары орын алды. Сонымен, Орал – Қазақстанның болашақ ұлттық тәуелсіздігі идеясы қалыптасқан қала. Бұл есімдер мен оқиғалар оның көшелерінде жазылған.

Оралдың тарихқа толы орталығы – ашық аспан астындағы мұражай секілді. 19 ғасырдың екінші ширегінен бастап қала құрылысы кәсіби әскери суретшілердің бақылауымен жүргізілді. 1821 жылдан бастап қала бірыңғай бас жоспарға сәйкес салына бастады және 20 ғасырдың басында оның орталық бөлігінде ғибадатханалар, мешіттер, қоғамдық және жеке ғимараттар, бульварлар мен алаңдар бар үлкен қала құрылысы кешені құрылды. Үлкен Михайловская, қазіргі Назарбаев даңғылының өзі әр түрлі сәулет стиліндегі ғимараттар жинақталған үлкен тарихи құрылыстан тұратын аумақ.

Қоғам өмірінің әртүрлі кезеңінде туындаған мәселелерді шешуге оны жаңа міндеттер тұрғысынан түсіну және бағалау үшін тарихи тәжірибеге жүгінуге тура келеді. Мұндай бағалауда өлкенің тарихы белгілі бір «бастапқы база» функциясын орындайды, соған байланысты дамудың жаңа жолдары түсіндіріліп, теориялық негізделіп, болашақта жүзеге асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Чесноков Н.Г. На куполах столетий отблеск. – Уральск; Издательство ТОО «Оптима», 2003, 134 с.
2. Лицо старого Уральска. Составитель Мухин Г.Л. Редактор Брыңдин И.Б. Уральск: Издательство ТОО «Оптима», 2003, 142 с.
3. Ялфимов А. Подворье: этнографические очерки. - Уральск: Издательство «Оптима», 2006, 80 с.
4. Асманов Ю.И. Записки старого газетчика. - Уральск: Издательство ТОО «Оптима», 2003, 118 с.
5. <https://ru.wikipedia.org>
6. <https://uralsk.mid.ru/uralsk>
7. wiki-turizm.ru/kazakhstan
8. <https://visitkazakhstan.kz/ru/guide/information>
9. <http://muragat-bko.gov.kz/index.php?option=com>
10. stat.gov.kz